

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сарай Ә. Ұлытау тағылымы. / Егемен Қазақстан. – 2015 . – 29 – тамыз.
2. Ерман Ж. Мәңгілік елдің мәртебесі. /Егемен Қазақстан. – 2014. № 223. – 14 қараша.
3. Н.Назарбаев «Ұлытау төріндегі сұхбат». – /Егемен Қазақстан. – 2014. – 25 тамыз.
4. Уәлиханов Ш. Зерттеулер, ғылыми жазбалар, хаттар. /Шоқан Уәлиханов. – Алматы: Рауан, 2014. – 560 б.
5. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. /Құраст. Д.Ә.Марғұлан, Д.А.Марғұлан – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, – 2011. – Т.9. – 422 б.
6. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. /Құраст. Д.Ә.Марғұлан, Д.А.Марғұлан – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, – 2011. – Т.10. – 592 б.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы әділетті қоғам идеясы

Максұтов Төлеген

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

IX-XII ғасырларда түркі ой әлеміндегі белгілі ойшыл Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегін түркі дәуірінің өркендеген кезеңі Қарахандар дәуірінде жазды. Бұл шығармада түрлі қоғамдық топқа жататын адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, адамгершілік, әдептілік мәселелері көтеріледі. Сондай-ақ білімді адамдар өмір сүретін мінсіз қоғам нормалары жайлы, әлеуметтік мәртебесі әрқилы қоғам мүшелерінің мінез-құлық ережесі, сондай-ақ басқарушы және бағынушылар ара қатынас қағидалары баяндалады. Бұл еңбегінде ойшыл бақытты, рахатты, салауатты өмір сүруі үшін және қоғамның ахлақтық негізі үшін әдептік ұстанымдарды белгілейді.

Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтатдғу білік» (Құтты білік) дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды «хандардың ханы» - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942-1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908-955) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға «хас хажиб» - «бас уәзір» немесе «ұлы кеңесші» деген лауазым берген. Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, XIV ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдің Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманған қаласынан табылған үшінші нұсқа XII ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының ғылымының негізделген толық мәтінін жасап шықты [1, 28 б.]. Венгер ғалымы Герман Вамбери (1832-1913) «Құтты біліктің» бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп басып шығарған. Бұл шығарманы зерттеу, ғылымының мәтінін дайындау және аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В.Радлов (1837-1918) жиырма жыл бойы (1890-1910) айналысқан. Түркия ғалымдары 1942-43 жылдары «Құтты біліктің» үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. «Құтты білік» дастаны орта ғасырда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түркілерінің тілінде жазылған. Оны Каримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1986), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984) тәржімалаған. Кезінде «Құтты білік» дастаны әр елде әр түрлі аталған. Бір елде «Мемлекет тәртібі», екіншісінде «Әкімдерге насихат», үшіншісінде «Әкімдердің әдептілігі» деген атпен мәлім. Бұл атаулардың барлығы дастанның мемлекетті басқару мәселесіне арналғандығының дәлелі. «Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Дастанның басты идеясы төрт принципке

негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы [2, 136 б.]. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың әлеметтік-қоғамдағы рөлі уәзірдің баласы Ұғдүлміш арқылы жеткізіледі. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Ордгүрміш бейнесі арқылы әңгіме болады. Ортағасырлық Шығыс ойшылдарына тән үйлесім – танымды көркем және ғылыми әдістермен ұштастыра қолдану Жүсіп Баласағұн ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық, философиялық, қасиеттердің үйлесім табуынан, ғылым даналығының біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармасында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге умтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын баяндайды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзаттық рухани байлықтар – мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Жүсіп Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт күдірет – от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлем осы төрттағанның үйлесімімен жаралған деп санайды [3, 180 б.]. Осындай тағы бір төрттаған Ж.Баласағұнның қоғам туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, «Құтты біліктің» төрт кейіпкерінің бойына жинақталған. Ғалам мен микроғаламның тұтастығы, барабарлығы туралы ой Ж.Баласағұн дүниетанымының өне бойынан байқалады. Бұл жалған дүниені ақыл тезіне салып түзетуге болатынына да сенген ғұлама әлемдік үйлесімділік негізінде әділетті адамзат қоғамын құруды армандады. Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. Ж.Баласағұн жалпыға ортақ парасаттың танымның нәтижесі ретіндегі білімге көшуі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғұлама білімнің туа бітетіндігі жайлы пікірге қарсы шығып, оған парасатты іс-әрекеттің нәтижесінде қол жеткізуге болатынына сенеді. Білімге молынан сусындаған адам ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады. Оның пікірінше, білім – даналық, денсаулық және жан толысуы. Ж.Баласағұнның ойынша, қоғам құрылымындағы кемелдіктің өлшемі әлеуметтік тәртіп бұзылғанда ғана көзге түсе бастайды. Сол кезде жаға мұраттар мен ұрандар пайда болып, халық қолдануына ие болады. Ол қоғамдық құрылымның кемелдігін деке адамның бостандығы, тәуелсіздігі деп санады. Ж.Баласағұн өзінің әлеуметтік философиясындағы қоғамдық кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. Танымдағы кемелдік – білің, оның іс жүзіндегі көрінісі – укуш деп біледі ол. Ж.Баласағұн өз еңбегінде зердеге айрықша тоқталған. «Құтты білікте» ол, ең алдымен, даналық, яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен кейінгі білім жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу, т.б. мәселелерді қарастырады [4, 201 б.]. Ғұлама өз туындысын Шығыс Перепатизмінің арнасында, сопылық ағымның қуатты ықпалымен жазып шыққан. Ойлау қызметі тек адамға ғана тән, жануарларда жоқ қасиет деп біледі. Егер, сезім алдамшы болса, онда оған толық сенуге болмайды, ал ақыл, зерде әрқашан адамға қызмет етеді, оның жалғандағы жоқ. «Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның адами жітілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан. Дастан оқырманына құт-берекемен, бақытқа өз дамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы «өзінді сақтау», «өзінді ұмытпау» қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең толғанады. Оның ойынша, өкініштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп, діл тазалығын сақтай алмаудан туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткіншілігін де ұмытпауы қажет. Мұнан өзге Ж.Баласағұн

шығармашылығына ізгілікке құшталық пен іңкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сүю, әлем мен адам сырына терең бойлауға ұмтылушылық пен белгілер тән.

«Құтты білік» дастаны 6250 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Демек, дастанда 13040 өлең жолы бар. Соның бәрі 85 тарауға бөлініп берілген. Дастанның кіріспесі қара сөзбен, ал негізгі бөлімдері аруз өлең өлшемінің ықшамдалған мутакариб деп аталатын түрімен жазылған. «Құтты білік» дастанының сюжеттік желісі негізі шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарының, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Төрт түрлі ізгі қасиеттің символдық көрінісі ретінде бейнеленген негізгі төрт қаһарман қоғамның көкейкесті мәселелері туралы әңгімелеседі. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу-білімнің қажеттігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-философиялық тұрғыдан сөз етеді. Мысалы, ақын әдептіліктің алуан түрін жырлай келіп, солардың ішіндегі ең бастысы – тіл әдептілігі деген түйін жасайды. «Құтты білік» дастанының автор метафора, аллегория, гипербола, мензеу, астарлап сөйлеу сияқты көркемдік құралдарды аса білгірлікпен пайдаланады. Дастанның әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан ғылыми мәні ерекше. Бұл дастан бертін келе қазақ халқының этникалық құрамын қалыптастырған ру-тайпалардың орта ғасырлардағы тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын, сөз өнерін, тілін, т.б. зерттеп білу үшін аса қажетті, құнды мұра болып табылады [5, 18 б.].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінің» дүниетанымдық және құндылықтық бағдары имандылық, сабырлылық, рақымшылдық, ақыл-парасаттылық, әділеттілік, бостандық, ғылым-білім, достық, бауырмалдық, адалдық, аманат, ар-ұят, қарапайымдылық, тазалық, өзара құрмет, іс-қимыл т.б. игі істерге негізделген. Осы құндылықтарды түркі ойшылдары өз еңбектерінде қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізе білді.

Бұл – құдайға құлшылық етудің шынайы жүректен шығып, кіршіксіз амалмен іске асатындығы туралы ойшылдың шынайы сенімінен туындаған ой. Жаратушыға деген сүйіспеншілік пенденің ниеті мен амал-әрекетінен туатындығы айдан анық. Ниет тазалығы және амалдың айқындығы құлшылықтың мәні мен мағынасын байытып, мұсылманның иманын күшейтеді. Ниет – адам пейіліндегі мақсат.

Дұға оқып, «Сақта» деп хан жалынды,

Қолын жайып, Жаратқанға табынды ...

Кем-кетікке мал таратты, сүйер деп,

Үміттеніп, шарапаты тиер деп –

(Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003. – 54 б.).

Жүсіп Баласағұн шығармашылығына тән ерекшелік адам болмысының мәні және адамның әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін – ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын, қанағатшыл құлқын асқақтатады. Ар-ұят – бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелілігінің белгісі. Ар-ұят дегеніміз адам бойындағы кісілік пен кішіліктің, арлылық пен сыпайылықтың негізі. Жаратушыдан қорыққан адам жамандыққа, арсыздыққа, рухсыздыққа, намыссыздыққа, көргенсіздікке алып баратын іс-әрекеттен сақтанып, тартынып жүреді. Қазақ халқының «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деуі бекер емес. Ал дана халқымыздың «Жаным арымның, малым жанымның садағасы» деген өмір мәндік ұстанымы мен рухани құндылық тұғырының тамыры тереңде жатыр. Хадисте. «Ұят - иманнан» делінген. Қазақы ділдің, рухтың әдеп пен ибаның, сыпайылық пен сыйластықтың қайнар көзі Ислам ілімі мен мәдениетінен бастау алып, ұрпақтан ұрпаққа берілген. Қазақы мінез, қазақы діл, қазақы дүниетаным, қазақы өмірлік ұстанымның тұғыры Ислам мәдениеті мен әдебінде жатыр деген ойдамыз. Қазақ болмысын және оның рухани әлемін, мінез-құлқын зерттеуде Ислам құндылықтарын назарда ұстауымыз қажет [5, 39 б.].

Әрбір адамның өзі жасаған кемшіліктері мен күнәләры үшін өзінің ары алдында және қоршаған ортасынан ұялмаса, онда адам баласын күнәлі істерден тыю мүмкін емес болатын еді. Әдепті адам адамдармен ізгі қарым-қатынаста болып, өзінің адами абыройын

асқақтатады. Арлы адам келеңсіз іс-әрекет пен жағымсыз мінездерден аулақ жүріп, ұнамсыз әрекет жасап қойса өкініп, болашақ іс-әрекетінде ұнамсыз іс-әрекет жасаудан сақтанып жүреді. Парасатты адамға білместіктен жасаған қателіктері үшін ұялуы тән. Ал арсыз адам қатесі мен күнәсі үшін еш қысылмайды. Арлы адам болса ар-ұжданын өмірлік ұстаным ретінде, азаматтық мұрат ретінде қастерлейді. Баласағұн шығармасында білім мен ғылымның мәніне де зор көңіл аударылады.

Білік – түпсіз, шетсіз-шексіз бір теңіз,

Қанша сімір сарқылмайды, білсеңіз!

Біліммен ер басын алып жүреді,

Ал, білімсіз басын оққа тігеді.

Білім алып, биіктей бер адам бол,

Ел ішінде мал атанған надан мол

(Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003. – 115-116 б.).

«Құтты білікте» білім өмір мәні және қоғамның мәдени, рухани деңгейінің өлшемі ретінде көрсетіледі. Ойшылдың пікірінше, білім мен парасат адам мен қоғам өмірінде кездесетін зұлымдықтардың алдын алу үшін қажет. Білім адамның өз болмысын танып білуге, иманын жетілдіруге, өмірдегі өз орнын табуға, және қайырымды болуға жол ашатын жарқын жол.

Орта ғасырлық мұсылмандық ренессанс құбылысы ислам дүниесінің адамзат мәдениетіне, ғылымы мен біліміне қосқан зор үлес болып табылады. Орта ғасырдағы мұсылман өркениетінің философия, медицина, астрономия және т.б. ғылым салаларында жеткен жетістіктері адамзат үшін үлгі-өнеге болды. Ал қазіргі кезде Ислам әлемі елдерінің дамыған Батыс Еуропалық елдерден техника және жаңа технологиялар тұрғысынан артта қалуы қынжылатын жағдай. Ислам әлемі мен Батыстың арасындағы қоғам мен адам дамуының көрсеткіші арасындағы айырмашылық, бұл Ислам елдерінің ғылым-білімге жеткілікті көңіл аудармауынан болып отыр. Ислам әлемі елдері бұрынғы жеткен жетістіктерін мақтаныш тұтумен шектеліп, заманауи ғылыми жетістіктерге қол жеткізіп және жаңалықтар ашуда дамыған елдерден кенже қалып отырғаны рас. Ғылым мен білім «Құтты білікте» адамзат үшін өте қажетті құндылық ретінде дәріптеледі. Сондықтан да ойшыл қоғамда білім мен ғылымды дамыту арқылы адамды тәрбиелеуге шақырады. Ойшыл үшін білім – өмірлік мұрат, сәулелі шамшырақ. Білім нұрын қоғамдағы барлық топтарға түсіру және қоғам мен адамның жетіліп, кемелденуіне кедергі келтіретін зиянды дерттерді білім игеру арқылы жеңу ойшылдың арман-аңсары. Білім мен парасат алдындағы кедергілерді жеңу қоғам мен басшы алдындағы негізгі міндет деп көрсетеді [6, 302 б.].

Құтты білікте сол дәуірдің гуманистік тәрбиенің біртұтас жүйесі бейнелеген. X-XI ғасырлардың өзінде Орта Азиялық мен Ұлы дала аумағын мекендеген халықтардың рухани, мәдени өмірін зерттеген еңбекте Жүсіп Баласағұн адамзатты құрметтеу, тұлғаның кемелденуі ұстанымдарын насихаттап, оның бойындағы әділдік, ақыл-ой, бақыт сынды мәңгілік ізгілік мұраттарын қалыптастыруды, дамытуды дастанының негізгі өзектілігі етіп алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзімен түсініктерін жазған Егеубаев А. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
2. Сыздықов С. Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 400 – б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және Қазақ әдебиеті бастаулары. Астана: 2000. – 348 – б.
5. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.

6. Жүсіп Баласағуни. Құтты білік //Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2005. – Т. 4: Ислам философиясы. – 658 б.

Жаңаарқа өнірінің ән-күй өнеріндегі ерекшеліктер

Мейрман А.М.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С. Қ
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Адамзат табиғаттың тал бойынан жаралып, сол он сегіз мың ғалам тіршілігінің иесі жетілдірілген аса күрделі де асқан кемеңгер дәрежесіне көтерілді, бүгінгі таңғажайып өркениетті тудырды. Сөйте тұра, әлі күнге табиғат анасына алшақтай алмайды. Өйткені қандай данышпан болса да ол – туған жерінің бір бөлшегі, сол жер ананың өнімінен нәр алып, сол жерге кіндігінен берік байланған, тіпті ақыл санасына дейін табиғаттың әсер көркімен бірге құлпырып, бірге гүлдер толыспақ. Әсіресе әсерленгіш дарынмен туатын жандар өзі жаралған жердің көркімен тығыз байланыста өседі. Арқада ақиық ақындар, сал-серілер, дәулескер күйшілер мен айтулы әншілердің көп болуы сол ақиқаттың бір көрінісі дер едім.

Жер үстіндегі бар сұлулықты бір бойына жинап алған Сарыарқа аймағын ойша шолып шық та өз заманында сәнділіктің символына айналған Сәкеннің іші-сыртына үңіл. Қандай ғажап ұқсастық! Сардар ақын жан сұлулығы мен тән сұлулығын, көрік пен көңіл байлығын осынау сиқырлы сымбаттан жаралған Сарыарқадан алғандай емес пе?! Екеуінде ажыратып алғысыз. Міне, адам мен туған жердің астасып кетуіне дәлеліміз осы болар.

Дарын иелері мен туған жердің қасиетін осылай түсініп, осылай қарайтын болсақ Сәкен туған сәнді аймақ ертеден өнер дарыған жер екенін білеміз. Яғни ақын дүниеге келген Жаңаарқа өнірі ежелден талантқа бай екенің байқаймыз. Сондай өнеге құйқалы өңір, салиқалы аймақ Сәкен сынды ақынның дүниеге келу қамың ертеден жасағандай әсер аласың. Өнер иелері қор жинаған киелі жерде ғана аса ірі тұлғалар туары хақ екенін ойлайсың. Өйткені, ежелгі заманнан бері бұл төңіректе не бір өнер иелері өмір сүрген.

Осынау бойына өнер тұнған аймақта бүгінде Сәкеннен жұққан жұқана, ел жүрегінде қалған өнер дәні бар. Сол асыл дәндер жетіліп шыққан сайын жұртшылық бір тамсанып қалады. Зерттеу жұмысымыз сол өнерге талпынған Сәкен ұрпақтары жайлы сыр шертеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Жаңаарқа жеріндегі көптеген атақты күйшілер мен әншілер өмір сүргендігі аян. Жаңаарқаның өнерге бейім халқына әнші-сазгерлер Мүсәйіп пен Сапалайдың, күйшілер Сайдалы Сары Тоқа мен Дайрабайдың, қобызшылар Ықылас, Әбікей, Дәулеттің ықпалы мол болған. Дәулет Мықтыбаевтың әкесі Аупықтың ауылы Қарағаш болысына қараған және Шоңның ауылымен жапсарлас отырған. Шоңның Ахметжаны да ән-күйге әуес адам болғаны белгілі. Ахметжанның «Солқылдақ», «Әттеген-ай», атты күйлері болған. Сайдалы Сары Тоқаның күйлерін Ұлмағанбет, Сыздық, Иса, Көкен, Алшынбек, Өткөз күйшілері шебер тартқан. [1,235 б]

Шертпе күйдің шеберлеріне тоқтала кетсек, өзімнің ұлы атам Ұлмағанбеттен бастағанымыз жөн деп білеміз. Ол 1840 жылы Ақтау ауылында дүниеге келген. Жастайынан алғыр болып өскен. Сайдалы Сары Тоқаның тартқан күйлерін киіз үйдің сыртына келіп тұрып өзіне қайталап тартып береді екен, мұны жақтырмаған Сайдалы Сары Тоқа оған: «Ауылда жүріп, екі күйші атанбайық, сен менің күйлерімді тартушы болма», - деп ұрысса керек. Бірақ сонда да құйма құлақ, алғыр Ұлмағанбет Тоқаның күйлерін қағып алып тарта берген. Ақырында, Тоқа оған риза болып, жанашыр аға, ұлағатты ұстаз бола білген.[2.77 б.].

Ұлы атам әйгілі күйші Сүгір Әлиевпен Шу бойында дәмдес болып, күй тартысына қатынасқан, сонымен қатар, баласы Асылбекке күйлерінің шығу тарихын айтып, Тоқа, Сүгір, Қыздарбектің күйлерін үйреткен.